



4 қазан, сейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

2 Ұстаздар
ұлағат төрінде



4 Су ысырабы
неге әкеп соқтырады?



5 Ақын



6 Көшпенділер ойыны
кемелденіп келеді



ПРЕЗИДЕНТ



МӘЖІЛІС ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаев
Мәжіліс төрағасы Ерлан
Қошановты қабылдады.

Президентке Парламент Мәжілісінің қазіргі заң шығару қызметі туралы ақпарат берілді. Атап айтқанда, Мәжіліс депутаттары «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы», «Конституциялық сот туралы», «Прокуратура туралы» заң жобаларын, сондай-ақ бірқатар конституциялық және басқа да заңдарға енгізілетін өзгерістерді қарастырып, Сенатқа жолдады. Аталған құжаттарды талқылауға сарапшылар тобы қатысты және қоғам мен БАҚ үшін жария түрде өтті.

Палата мақұлдаған заң жобалары биылғы 5 маусымда өткен референдумда халық дауыс берген конституциялық реформалардың негізгі ережелерін жүзеге асыруға бағытталған. Енгізілетін заң нормалары азаматтардың конституциялық құқықтарының қорғалуын күшейтуге және тұрғындардың еліміздің саяси өміріне араласу мүмкіндігін кеңейтуге септігін тигізеді.

Ерлан Қошанов Қасым-Жомарт Тоқаевқа парламенттік дипломатия және шет мемлекеттердің заң шығарушы органдарымен арадағы іс-әрекеттер аясындағы жұмыстардың негізгі басымдықтары туралы айтты.

Мәжіліс төрағасы Мемлекет басшысына Түркияның Изник қаласында өткен IV Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының салтанатты ашылу рәсіміне еліміздің делегациясының қатысқаны жөнінде баяндады. Түркі қоғамдастығы V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын 2024 жылы Қазақстанда өткізу жөніндегі ұсынысты бірауыздан қолдады.

МЕЗГІЛДІК МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕР

Үкімет басшысы
Әлихан Смайловтың
төрағалығымен
секторлық режимде
жиын өтіп, көші-қонның
кейбір мәселелері, «Жайлы
мектеп» пилоттық ұлттық
жобасын іске асыру және
елді мекендерді көмірмен
қамтамасыз ету мәселелері
қаралды.

Жиынға салалық министрлер мен онлайн режимде өңір әкімдері қатысты.

Премьер-Министр аталған салаларға қатысты нақты тапсырмалар жүктеп, нәтижелі жұмыс көрсету қажет екенін атап өтті.

Секторлық отырыстан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Үкімет тапсырмаларын орындау бағытында негізгі басымдықтарға мән беріп, жұмысты ширату қажет екенін алға тартты. Оның ішінде көші-қон мәселесінде тіркелмеген көшіп-қонушылардың санын анықтауда мобильдік топтар құруды және құқық қорғау саласы басшыларына рейдтік шараларды ұдайы жүргізуді тапсырды. Ал, білім басқармасының басшысына «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасын іске асыруда нақты шаралар қабылдауды жүктеді. Бұл ретте құрылысы салынатын мектептерге бөлінген жер телімдері құжаттарын биылғы 1 қарашаға дейін рәсімдеуді тапсырды.

2-бет

Жаймашуақ күндерге толы қыркүйек айы да өтті. Оның артын ала қыныр мінезді қазан айы келіп кірді. Бұл – қылышын сүйретіп келетін қыс алдындағы дайындық жұмыстарын тағы бір пысықтап алатын кезең. Ал жылу беру маусымы жақын күндері басталмақ. Әдетте алдағы жылу беру маусымына дайындық жұмыстары өткен жылу беру маусымы аяқталысымен-ақ басталып кететіні белгілі. Биыл да бұл үрдістен ауытқыған жоқпыз. Жұмыс жоспары бекітіліп, көктемнің аяғында басталып кеткен.

Бүгінде аймақтағы арнайы жөндеу жұмыстары, әлеуметтік нысандар мен тұрғын үй секторларына жылу беруге дайындық іс-шаралары толығымен аяқталған. Бұл сөзімізге жуырда өткен Үкіметтің селекторлық отырысы дәлел. Онда республика бойынша жылу беру маусымына дайындық жайы талқыланды. Сол басқосуда ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайылов елімізде төрт аймақта жылу беру маусымына дайындық жұмыстары 100% орындалғанын мәлім етті. Соның бірі ретінде Қызылорда облысы аталды.

Сб Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Оңтүстік өңірде орналасқанбыз деп коммуналдық саладағы жауапты тұлғалар арқаны кенге сала алмайды. Жылу беру маусымына дайындықты ертерек аяқтамаса қиын жағдайларға душар болып қалу әбден мүмкін. Өткен жылы күннің күрт суып кетуіне орай, жылу мерзімінен жеті-сегіз күн ерте берілгені есімзде. Сондықтан да облыста бұл жағынан жақсы тәжірибе бар. Оның үстіне облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бұл мәселені ұдайы қатаң бақылауында ұстап келеді.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Руслан Нұрмағамбетовтің айтуынша, алдағы жылу беру маусымына кәсіпорындар

дайындық жұмыстарын бекітілген кестеге сәйкес жүргізген. «Қызылордажылуэлектрорталығы» МКК-ның дайындық жұмыстарына 784,1 млн теңге қаржы қарастырылып, ол толығымен игерілген. Сондай-ақ оңтүстік қазандықтың жөндеу жұмыстары, ВОНО қазандықтары, КЕ маркалы қазандықтар, АБМК-лар, ОРУ-220/35, «Қазалы Теміржолжылу» қазандықтарын жөндеу жұмыстары аяқталды. Биыл 23 әлеуметтік нысанның жылу қазандықтарын қайта жаңғырту жұмыстарына республикалық және облыстық бюджеттен қаржы бөлінді. Қысқасы, қазандықтар қысқа дайын.

Облыста 1064 әлеуметтік нысан бар. Р.Нұрмағамбетов 529 білім беру

нысанының 196-на, 288 мәдениет, спорт нысанының 147-не, 247 денсаулық сақтау нысанының 79-на жөндеу жұмыстары жүргізілгенін жеткізді. Орталықтандырылған жылу жүйесіне 835 көпқабатты тұрғын үй қосылады. Облыс орталығындағы көпқабатты үйлердің 711-і орталықтандырылған жылу жүйесінде. Ал 104 үй автономды-блокты модульдік жылу қазандықтары арқылы жылытылады. Қала бойынша 190 шақырым жылу магистралі бар. Оның 35,7 шақырымы магистральді, 154,3 шақырымы кварталдық жылу жүйесі. Өткен жылы мекеме өз қаражаты есебінен 35 млн теңгеге жылу құбырларын ауыстырды.

Биыл жылу беру маусымына дайын-

дық барысында жылу жүйелерінің оңтүстік-солтүстік магистральді құбырларының тығыздығы мен беріктігін байқау үшін гидравликалық сынақ жүргізілді. Сынақ жүргізу барысында 146 ақау анықталған. Оның тоғызы магистральді, қалған 137-сі кварталдық жылу жүйесіне тиесілі болды. Бүгінгі күні кварталдық жылу жүйесінде ақаулар жойылған. Мамандардың берген мәліметіне сай барлық 190 шақырым жылу жүйесінің 46%-ның тозығы жеткен. Осыған байланысты биыл «Қызылорда жылу орталығы» инвестициялық бағдарламасы негізінде 41,2 млн теңге қаржы бөлініп, 5,1 шақырым жылу құбырын қайта жаңғыртты.

3-бет

СЫРДАРИЯНЫҢ САПАЛЫ КАРТОБЫ



Сырдария ауданында 400 гектарға жуық картоп егілген. Әу баста мұны аудан әкімі Мұрат Ергешбаев өңірлік коммуникациялар орталығында тамыз айында өткен брифингте айтқан болатын.

Сб Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

«Екінші нан» саналатын әрі халық жиі тұтынатын осы өнімді сырдариялықтар бұрыннан өсіріп жүр. Бұл жерде гектардың өсуіне облыс басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасы әсер етті. Аймақ басшысының бастамасымен әр ауыл маңынан жер дайындалып, ең қажетті деген дақылдарды егу жұмысы өңірдегі аудан басшыларына жүктелген еді. Осыған байланысты ауданға қарасты елді мекендердегі шаруашылық құрылымдары арқылы егін алқаптарынан қосымша жер ашылғанын білеміз. Осылайша аймақта 1500 гектарға жуық жер дайындалып, 6802 отбасы бақша дақылдарын еккен.

Жалпы біздің аудан бойынша 33 мың гектардан аса жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Оның ішінде негізгі дақыл – күріштің көлемі 20728 гектар. Әртараптандыру бойынша 991 гектар жерге бидай, мақсары, күнбағыс, картоп, көкөніс және бақша өнімдері орналастырылды. Облыс әкімінің тапсырмасымен жеке тұрғындарға да қосымша жер ашылды. Оның көлемі 210 гектар. 840 отбасыға бөлініп берілді. Осының ішінде тұрғындар бір ғана дақыл – картоптың өзін 90 гектар жерге ексе, қалған 120 гектар жерге қауын-қарбыз, асқабақ, сондай-ақ көкөніс түрлерінің тұқымын тастады, – дейді аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Нұрбол Жұмабеков.

Сырдария ауданы

«ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ»

12 КҮН, 1200 ШАҚЫРЫМ ТҰҢҒЫШ МАРАФОНДА МАҢҒЫСТАУЛЫҚТАР ТОП ЖАРДЫ

Ұлан-ғайыр даламыз – бағзы заманнан қазақтың қастерлі мекені. Сынық сүйем жер үшін ат үстінде алысқан ұлттың арғы-бергі тарихы әлі де талай сырды ішке бүгеді. Сол тарихтың бір қатпары адамзат әлемінде жылқы ең алғаш қазақ даласында қолға үйретілгенін айтады. Бұл – енді дүниелік өркениетте теңдессіз жаңалық. Баһадүр бабалар тұлпардың тұяғымен ұлы дала шежіресін жазды. Бүгінгі ұрпақ – сол көшпенділер мәдениетінің заңды мұрагері.

Сб Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

Елордамыз – Астана қаласынан басталған «Ұлы дала жорығы» бөйге-марафоны Алаша баласына ерекше сезім сыйлады. Арқадан киелі Түркістанға дейінгі айтулы аламан өткен күндердің асқақ рухын бойымызда оятты.

«Ұлы дала жорығына» қатысқан шабандоздар 18-29 қыркүйек аралығында елордадан рухани ордамыз – Түркістанға дейінгі 1200 шақырымды артқа салды. Марафон 100 шақырымдық 12 сатыға бөлінген. Еліміздің әрбір өңірінен 1 командадан қатысты. Марафонға

қатысушылар киелі мекендер – Жошы хан, Алаша хан кесенелеріне аялдады. Қазақ хандығының айрықша орны – Созақ шаһарының шежіресіне зер салып, Түркістан қаласындағы тарихи орындарға зиярат жасады.

Бөйгеге қатысушылар сегізінші күні, яғни 26 қыркүйекте Сыр өңіріне жетті. Бұл жолы Жамбыл, Маңғыстау, Түркістан облыстарының шабандоздары сөреге бұрын іліксе, Сыр өңірінің командасы төртінші болып өткен еді.

6-бет



ҰСТАЗДАР ҰЛАҒАТ ТӨРІНДЕ



«Алты Алаштың баласы бас қосса, төр – мұғалімдік» деген ұлт зиялысы М.Жұмабаевтың сөзі осынау мамандық иелерінің қоғамдағы мәртебесін дәл айқындап тұр. Шындығында, қоғамның барлық саласы бойынша білікті маман тәрбиелеуде педагог қызметкерлердің еңбегі зор екені даусыз. Бұл орайда сала мамандарына мемлекет қолдауы жыл сайын артып келеді.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Өткен сенбіде аймақ ұстаздары төл мерекесін атап өтті. Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында өткен салтанатты жиынға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, мәртебелі мамандық иелерінің ел дамуындағы еселі еңбегін атап өтіп, ерекше құрметін білдірді.

– Біз әрдайым Отанымыздың адал әрі абзал азаматтарын, шынайы патриоттарын тәрбиелейтін, Өділетті Қазақстанның жаңа буынын білім бәйгесіне қосатын ұстаздар қауымын ерекше қадірлейміз.

Сөз сайын жаңарып, беталысы күнде өзгерген алмағайып дүниеде адамзат үшін ешқашан өзгермейтін құндылықтар бар. Ол – білім! Ол – еңбек! Бұл қос құндылықты да ұштастыра білген ұстаздардың қоғам алдындағы орны ерекше, мәртебесі мерейлі!

Әрбір мемлекеттің ең басты құндылығы – адам. Ал әр адам өз ұрпағының жан-жақты білімді, дарынды, қайырымды, адал, көшбасшылыққа лайықты болса деп армандайды. Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының сөзімен айтсақ, ұрпақ тәрбиесінде мұғалімнің таланты, біліктілігі мен жауапкершілігі, адами қасиеттері өте маңызды. Өнеге мен үлгі, құрмет сияқты ізгі қасиеттер адам бойына ата-ананың қанымен дарыса, ұстаздың тәлімі арқылы қонады деген сөз тегін емес, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы еліміздің білім саласын дамытуға, сондай-ақ, қоғамда мұғалім мәртебесін қалыптастыруда мемлекет тарапынан лайықты қолдау көрсетіліп отырғанын айтты. Осы бағытта биыл облыс бюджетінен білім саласына 204 млрд 800 млн теңге қаржы бөлінгенін,

қаржыландыру көлемі өткен жылмен салыстырғанда 17 пайызға артқанын атап өтті.

Расында, елімізде мұғалімдердің мәртебесін айқындай отырып, оларды әлеуметтік тұрғыда қолдау мәселесі басты назарда. Соның дәлелі – Мемлекет басшысы таяуда жариялаған Жолдауында Жаңа Қазақстанды құру ісінде мұғалімдердің рөлі айрықша екенін атап өтті. Жолдаудан туындайтын жаңа міндеттер бойынша балабақшадан бастап, орта білім беру ұйымдарында біршама қарқынды бастамалар қолға алынады. Сондай-ақ, отандық ЖОО-ларда заман талабына сай жанаша реформалар жүзеге асырылады.

Салтанатты жиында сала үздіктері сахнаға көтеріліп, оларға ҚР Оқу-ағарту министрлігі және облыс әкімі атынан түрлі марапаттар, гүл

шоқтары табысталды. Жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру ісінде шынайы шығармашылық еңбегімен дараланған бірқатар облыс педагогтары «Алтынсарин» төсбелгісін иеленді. «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» құрметті атағы, «Қызылорда облысының білім беру саласын дамытудағы еңбегі үшін жергілікті ерекшелік белгісі» мен облыс әкімінің Құрмет грамотасы, Алғыс хаты табысталды.

Ұлттық бірыңғай тестілеу көрсеткіші бойынша республика көлемінде «Үздік 100 мектеп» қатарына енген білім беру ұйымдарына және осы санаттағы педагогтарға бағалы сыйлық – ноутбук берілді. Сонымен қатар, облыс әкімі жыл қорытындысымен шәкіртімен білім бәсекесінде топ жарған 10 ұстазға 900 мың теңгенің қаржылай сертификаты табысталатынын айтты.

Иә, өңірде педагог қауымына көрсетілер сый-құрмет жоғары. Жыл сайын шипажайларға жолдама беру, үздіктерге төсбелгі тағып, қаржылай сыйақы тағайындау өңірдегі мұғалімдердің мәртебесін арттырып келеді. Ал, биыл өңірде алғаш рет шәкірт тәрбиелеуде ұлттық ұстанымды биік қойып, ұстаздық қызметте табанды тер төккен екі ардагер ұстазға Қызылорда облысының Құрметті азаматы атағы берілді.

Мерекелік жиын ұстаздар қауымына арналған облыс өнерпаздарының концертімен жағасты. Онда дәстүрлі әншілер, классикалық ән орындаушылары, Қазанғап атындағы жоғары музыкалық колледжінің солистері, хор ұжымы, М.Мәметова атындағы жоғары педагогикалық колледжінің «Нұрғұл» би ансамблі, сондай-ақ, талантты шәкірттер өнер көрсетіп, көрерменге керемет көңіл-күй сыйлады.



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ		
	С.С. ҚОЖАНИЯЗОВ 11.10.2022 / 10:00	ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ МӘЖІЛІС ЗАЛЫ
	С.С. ҚОЖАНИЯЗОВ 12.10.2022 / 15:00	ШИЕЛІ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ МӘЖІЛІС ЗАЛЫ
	М.Ж. ЖАЙЫМБЕТОВ 13.10.2022 / 15:00	СЫРДАРІЯ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ МӘЖІЛІС ЗАЛЫ
	М.Ж. ЖАЙЫМБЕТОВ 14.10.2022 / 09:30	ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ МӘЖІЛІС ЗАЛЫ
	М.Ж. ЖАЙЫМБЕТОВ 14.10.2022 / 16:00	ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ МӘЖІЛІС ЗАЛЫ
	Қ.Р. НҰРТАЙ 14.10.2022 / 18:00	БАЙҚОҢЫР ҚАЛАСЫ АБАЙ №16А
	Н.А. САҚТАҒАНОВ 15.10.2022 / 10:00	АРАЛ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ МӘЖІЛІС ЗАЛЫ
	Н.А. САҚТАҒАНОВ 15.10.2022 / 15:00	ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ МӘЖІЛІС ЗАЛЫ

ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫС

«AKSA ENERGY» Ташкентте қандай қондырғы салып еді?



Өңірге инвестиция тарту – әкімдіктің басым бағыттарының бірі.

Аймақта түріктің «AKSA Energy» компаниясы ТМД елдерінде теңдесі жоқ заманауи жылу-электр орталығының құрылысын салуға ниет білдіргенін осы кезге дейін хабардар еттік. Ендігі міндет – жобаны сапалы әрі уақытылы аяқтау. Осы ретте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасы аясында облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетов көршілес Өзбекстан Республикасына барды.

Іссапардың мақсаты – Ташкент қаласының Кибай ауданындағы 470 МВт-тық бу-газ турбиналық қондырғысының жұмысымен танысу. Өйткені, Сыр өңірінде жылу-электр орталығының құрылысын салатын «AKSA Energy» компаниясы нысанды осы мемлекетте жүргізген болатын.

Мархабат Жайымбетов «AKSA Energy» компаниясының біздің өңірде бу-газ турбиналық қондырғысын салуға жауапты жоба менеджері Алған Саракоғұлымен кездесіп, құрылыс жұмыстарын жүргізу барысында туындайтын барлық мәселелерді кеңінен талқылады. Сала мамандарымен пікірлесіп, бу-газ орталығының жұмыс жасау процесімен танысты.

Басқосуда Алған Саракоғұлымен бауырлас екі

ел арасында қолға алынған жобаның маңыздылығы, Қызылорда қаласында құрылыс жұмыстары басталатын үлкен жоба туралы әңгіме болды.

Айта кетейік, Президент тапсырмасы аясындағы заманауи қондырғылар республиканың екі аймағында салынады. Алғашқысы біздің облыста жүзеге аспақ. Құны 215 млрд теңгеден асатын жоба құрылысы 36 ай ішінде аяқталып, құжаттамасына сәйкес 2025 жылы іске қосу жоспарланған.

Қуаттылығы 240 мегаваттқа жететін жаңа нысан қаланың энергия мен жылу қажеттілігін қамтамасыз етіп, энергетикалық қауіпсіздікті күшейтуге мүмкіндік береді.

**Облыс әкімінің
баспасөз қызметі**

МЕЗГІЛДІК МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕР



Облыс әкімі жылдағы дайындық және көмір жеткізу мәселесін де арнайы қарады.

– Барлық әлеуметтік нысандарға қажетті отын қорында проблема туындамауы керек. Әсіресе, аудандарда тапшылық орын алып, халық кезек күтіп, дүрлігу болмауын бақылауға алу қажет. Мектептерде, ауруханаларда, халыққа қызмет көрсету орындарында, мәдениет және спорт мекемелерінде жылу беру үзіліссіз жүруі тиіс. Бұл бағытта әр ауданның ұйымдастыру жү-

1-бет

мыстары мұқият қаралады, – деді Н.Нәлібаев.

Жиын соңында аймақ басшысы халықтың мұн-мұқтажын тыңдап, мәселелерін рет-ретімен шешуде 10 қазаннан бастап облыс әкімінің орынбасарлары, құқық қорғау саласы басшыларының орынбасарлары 1 күн бойы 1 ауданда ашық есік күндерін өткізіп, халықпен пікірлесетінін баса айтты. Мұндай тәжірибені ай сайын қолға алуды тапсырды.

**Облыс әкімінің
баспасөз қызметі**

Р. БАҒЛАНОВА-100

ЕРЖЕҢІСТІҢ ЖЕҢІСІ

Қазалыда Қазақстанның және КСРО халық артисі, Халық қаһарманы, жерлесіміз Роза Бағланованың 100 жылдық мерейтойына арналған іс-шаралар жалғасын табады.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
«Сыр бойы»

Жексенбі күні Әйтеке би кентіндегі Е.Бозғұлов атындағы №249 мектеп-лицейде өткен Роза Тәжібайқызының мерейтойына арналған «Шығыстың бұлбұлы» атты республикалық ақындар айтысы көпшіліктің көңілінен табылды.

Айттыса Павлодар, Шымкент, Қызылорда қаласы, Түркістан, Ақтөбе облысы және Қазалы, Арал, Қармақшы аудандарының ақындары қатысып,

бағын сынады.

Айттыс аламының аудан әкімі Мұхтар Оразбаев құттықтау сөзбен ашып, ақындарға сәттілік тіледі.

Айттысты 3 дүркін «Алтын домбыра» негері Мұхтар Ниязов жүргізіп отырды.

Ойлы шумқа, ұтқыр сөздерімен көпшілікті баураған ақындар көрермендердің ыстық ықпалына бөленді. Қазылар алқасының шешімімен бас

жүлдені аралдық Ерженіс Әбдиев жеңіп алды. Жеңімпазға 700 мың теңге ақшалай сыйлық табысталды.

Бірінші орынды шымыкенттік ақын Біржан Байтуов, Атырау қаласынан келген Фариза Жетпісбай мен қазалылық ақын Елнұр Нұрқасым екінші орынды, павлодарлық Рауан Қайдаров пен Түркістан облысынан келген ақын Дәурен Асқарал үшінші орынды иеленді.

Өзге ақындар да жүлдесіз қалмай, ынталандыру сыйлықтары тапсырылды.

Жеңімпаз бен жүлдегер ақындарды ауданы әкімі Мұхтар Оразбаев, қазылар алқасының төрағасы Әбілқайыр Сыздықов, «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Қаршыға Есімсейітова, айтыскер ақын Нұрмат Мансұров марапаттады.

Қазалы ауданы

Ажар ҒИНИЯТ, ҚР Денсаулық сақтау министрі:

АЛДЫМЕН АУРУ СЕБЕБІН АЙҚЫНДАП АЛҒАН ЖӨН

ҚР Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғинияттың өңірге жұмыс сапары сенбі күні Шиелі ауданында жалғасты. Министрмен бірге облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов алдымен Досбол би дәрігерлік амбулаториясына барды.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»



дент бекіткен ұлттық жоба аясында мұнда келесі жылы жаңа дәрігерлік амбулатория салынады. Оны кеше тұрғындармен кездескенімде де айттым. Қазір амбулаторлық емдомға, консультативті қызметке қаншама қаржы бөлініп отыр. Алдағы уақытта қызметті

қорғауға бағытталған сапалы медициналық көмек көрсету. Бұл орайда ауданда 11 акушер-гинеколог дәрігер, 53 акушер бар.

Министр аудандық аурухананың негізгі көрсеткіштерімен танысып, аурушандықты талдауға ерекше назар аударды. Биыл сегіз айда 1402 нәресте дүниеге келген.

Ана мен бала денсаулығын сақтауға, жақсартуға баса назар аударылып келеді. Соған қарамастан өлім-жітім орын алып жатыр. Қаншама профилактикалық жұмыстар атқарылууда. Десе де түрлі созылмалы аурулары бар әйелдер жүкті болып, өзінің де, баланың өміріне де қауіп төндіреді. Осы орайда жан-жақты жұмыстарды жандандыру керек. Сіздерге 15 млрд теңге қаржы бөлінгелі отыр. Сол қаржыны ұқыпты жұмсауды ойластыру қажет. Қабылдау бөлімінен бастап тиімді медициналық көмек көрсетуді қолға алуға тиіспіз. Шиелі ауданы бойынша 8 ауылда медициналық нысан салынады, – деді министр.

Аурушандық бойынша, бірінші орында тыныс алу жүйесі аурулары тұрса, онан кейін ас қорыту, несеп жүйесі және қан айналым жүйесі аурулары кездеседі.

Аурушандық бойынша республика мен облыс орталықтарында және аудандарда көрсеткіштер әр түрлі болады. Осыған байланысты аудандағы мамандар аурудың себебін саралап, ағарту жұмыстарын жүргізу керек. Мәселен, несеп жүйесі ауруын алсақ, неге жиі кездеседі? Мүмкін су дұрыс емес шығар немесе басқа да себебі бар ма? Осыны анықтау қажет. Соған орай тұрғындарға түсіндіріп, аурудың алдын алуға жұмыс жасалу керек. Басқа ауруларға да байланысты солай. Бұл тек аудандық ауруханаға емес, осы жерде отырған барлық бас дәрігерлерге қатысты ескертпе. Ауру адамды емес, адам ауруды басқаруы қажет. Сондықтан оналту, сауықтыру шарасына баса көңіл бөлуіміз керек. «Стационарда кімдер жатыр, кімді емдедік?» деген сұрақтарға талдау жасап отыруымыз қажет. Мақсаттарыңыз – халықтың өмір жасын ұзарту, өлім-жітімді азайту. Осыны естен шығармаңыздар, – деп атап айтты Ажар Ғиниятқызы.

Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде Шиелі аудандық ауруханасы ҚТ, МРТ, ангиографпен және басқа да жабдықтармен жабдықталып, инсульт орталығы, травматология, кардиология бөлімшесі ашылатын болады.

кеңейту үшін не қажет? Мүмкін ауылдық амбулаториядан физиотерапия кабинетін ашу керек шығар? Мәселен, облыс орталығында емделіп шыққан науқасқа дәрігер міндетті түрде бір-екі ем-шара жазып жібереді. Ауылға келген соң ол аяқсыз қалып жатады. Сондай жағдайда осы физиотерапия кабинетінің қызметін пайдаланса, жақсы емес пе? Жалпы тұрғындар сіздерден не сұрайды, нені талап етеді, соны жасайтын уақыт келді. Сосын ауылдық медициналық мекемелерде телемедицинаны дамыту мәселесі тұр. Кез келген уақытта науқастың жағдайына қарай облыс орталығындағы мамандармен байланысқа шығып, кеңес алуға мүмкіндік туады. Қолжетімді медицина

ратын ауыл шетінен емес, орталықтан салынса» деген тұрғындар аманатын жеткізді. Маманның бұл ұсынысын министр де қолдап, медициналық ғимараттарды қала, ауыл шетінен салу әдетке айналғанын, бұл халыққа қолайсыз екенін айтты.

Онан соң Ажар Ғиниятқызы аудандық аурухана және емхана жұмысымен танысты. Емхана ғимараты 2013 жылы пайдалануға берілсе, аурухананың жаңа ғимараты 2019 жылы ел игілігіне ұсынылды. Аурухана 78 мыңнан астам тұрғынға қызмет көрсетеді. Дәрігермен қамтылу көрсеткіші 10 мың тұрғынға шаққанда 24,9-ді құрайды. Денсаулық сақтау саласының басты мақсатының бірі – ана мен бала саулығын



Амбулаторияда интернет желісі бар. Жаңа заманауи құрылғылар болмаса да тұрғындарға алғашқы көмек көрсетуде бар мүмкіндікті пайдаланудамыз. Тегін дәрі-дәрмекті уақытылы беріп, күндізгі төсек-орында қажетті ем-домдарын жасап келеміз. Мамандар қажет болғанда аудандық емханаға жолдаймыз, – дейді дәрігерлік амбулатория аға дәрігері Наурызбай Сахиев.

Айта кету керек, Наурызбай – жас маман. Бұл қызметке келгелі айға жуық ғана уақыт болған.

Ауыл медицинасын жақсарту туралы Мемлекет басшының өзі нақты тапсырмалар жүктеп отыр. Жартығасырлық ғимараттың тозығы жеткенін ескере отырып, Прези-

ҚАЗАНДЫҚТАР ҚЫСҚА ДАЙЫН

Қала және аудан әкімдіктерінің жоспарларына сәйкес әлеуметтік сала нысандарына алдағы жылу беру маусымында 34 мың тонна қатты және 24 мың тонна сұйық отын, ал жергілікті тұрғындарға 142 мың тонна көмір қажет. Қызылорда қаласындағы жылу орталығының қоймаларында 4629 тонна резервтік мазут отыны сақталуда. Оны кәсіпорын соңғы рет 2017 жылы сатып алған болатын. Талап бойынша мазут отынының жарамдылық мерзімі өндірілген күннен бастап 5 жыл болып табылады. Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін химиялық және физикалық қасиеттерін жоғалтады, яғни пайдалануға жарамсыз күйге келеді. Осыған орай кәсіпорын қоймаларындағы сақтаулы тұрған мазутты толық күйінде пайдалану және оны қайта қалпына толықтырып, жаңарту қажеттілігі туындап отыр. Нормативтік мазут отынын толықтыру мақсатында оған 455,6 млн теңге қажет.

Көмір бағасын бірқалыпты ұстау үшін әкімдік пен өңірлік операторлар арасында келісім-шарт жасалды. Жақында облыстық әкімдікте жылу маусымына дайындық барысы талқыланған жиында аймақ басшысы қатты отын қоры әлі де аз екеніне назар аударып, әкімдер көмірдің үш айлық қорын жасап алу керектігін қатаң тапсырған болатын. Өйткені, күн күрт суытқан кезде көмірге деген

сұраныс артып, қарбалас пайда болып, тұрғындар наразылығы туындап жүргені жыл сайын көрініс табады. Бұл жағдай қайталанбауы тиіс.

Жылу беру маусымына Қызылорда қаласын қатты отынмен қамтамасыз ету бойынша биыл екі жеке кәсіпкермен меморандум жасалды. Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің мәліметіне сәйкес, 2022-2023 жылдары жылу беру маусымына қажет етілетін қатты отынның көлемі 37 мың тоннаны құрап, қазіргі таңда 21 мың тонна (57%) қатты отынмен қамтамасыз етілді. Бірақ қыс мезгілінде қала аумағындағы көмір тасушы кәсіпкерлермен барлығы 66 мың тонна қатты отын әкелу жоспарланған.

Қазіргі уақытта меморандумға отырған «KNAS COM» кәсіпкерлігінде 120 вагон, яғни 8970 тонна «Шұбаркөл» көмірі қоры бар. Оның сатылу бағасы

14400 теңге. Ал «Қарымсаков» жеке кәсіпкерлігінде 3 вагон, яғни 207 тонна «Шұбаркөл» көмірі келіп, ол 15 мың теңгеден сатылуда. Осы орайда халық арасында жылдағыдай дүрбелең тудырмас үшін көмір отынын қазірден бастап тасымалдап, сатылымға шығару бойынша қала әкімдігі тарапынан көмір тасушы кәсіпкерлермен түсініп-дірме жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Облысты «көгілдір отынмен» қамтамасыз етіп отырған «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы облыс бойынша 2336 шақырым газ құбыры мен құбыр бойындағы нысан-дардың қалыпты жұмыс істеуіне жауапты. Өндірістік филиал бүгінге дейін күзгі-қысқы кезеңге дайындық жоспарындағы жұмыстарды аяқтады. Дайындық барысында мамандар ескірген, қисайған, майысқан құбырларды жөндеп, сыры кеткен жерлерін қайта

бояудан бастап, жер үстіндегі және жерасты газ желілерінің тұтастығын тексеру және жөндеу, газ құбырларындағы жабдықтың жай-күйін зерттеу мен ауыстыру сияқты техникалық жұмыстардың 21 түрін орындады. Мұның бәрі облыстағы барлық абоненттер алдағы жылу маусымында алансыз газ тұтына алуын қамтамасыз етуі тиіс.

Қыс кезінде қауіпсіздік мәселесі де басты назарда болғаны жөн. Жылу беру маусымы кезінде қатты отынмен жылытылатын тұрғын үйлерде өрт қауіпсіздік талаптарының сақталмауы салдарынан өрт оқиғалары және көмірқышқыл газынан улану фактілері жиі орыналады. Осыған байланысты тиісті мамандар облыстағы 7589 тұрғын үй секторын жарлап, 25192 тұрғынға өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндірді. Өткен жылу беру маусымында тұрмысы төмен және аз қамтылған 1843 отбасыға көмірқышқыл газдың анықтайтын арнайы датчик орнатылған болса, биылғы жылу беру маусымы қарсаңында 1657 отбасыға датчик орнату жоспарланды. Иә, «сақтансаң сақтаймын» дегендей, бұл іс-шаралар – қауіпті жағдайлардың алдын алу әрекеті.

Өрине, қысқы маусымға толық дайындық жасалды дегенмен, бұл жылу маусымы қалыпты өтеді деген сөз емес. Барлық жауапты тұлғалар мен мекемелер үшін босансуға болмайтын жауапты кезең келгені түсінікті.



Аудан жаңалықтары



ҚҰРАН ЖАТТАУ ОРТАЛЫҒЫ

АРАЛ

Ауданда жаңа Құран жаттау орталығы ел игілігіне беріліп, оған Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы қатысты.

Аудан әкімі Серік Сермағамбетов жиылған қауымды жаңа орталықтың ашылуымен құттықтады. Мұнда бір мезетте 70 шәкірт білім алады. Олар діни сауат ашумен қатар мектеп бағдарламасын да оқиды. Ғимаратта дәрісхана мен жатақхана бар, жалпы аумағы 400 шаршы метр. Бас мүфти шәкірттерге қасиетті Құран кітабын сыйға тарту етті.

ҚАРТТАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

ҚАЗАЛЫ

Халықаралық қарттар күніне орай Қазалыда салтанатты іс-шара өтті. Оған тыл еңбеккерлері, еңбек ардагерлері мен Қазалы ауданының құрметті азаматтары және көпбалалы аналар қатысты.

Жиналғандарға Қазалы ауданы әкімі Мұхтар Оразбаев жылы лебізін арнады. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекбановтың «Өнеге көрсету – үлкеннен, үлгі алу – жастардан» жаңа кітабының тұсауы кесілді. Мұнан соң, қоғамдық өмірге белсене араласып жүрген бірқатар ардагерлерге «Қазақстан ардагерлер ұйымына 35 жыл» мерекелік медалі, «AMANAT» партиясы Қазалы аудандық филиалы мен облыстық ардагерлер кеңесінің Құрмет грамотасы, республикалық ардагерлер ұйымы мен аудан әкімінің Алғыс хаттары тапсырылды.

ӘН ӘУЕЛЕГЕН КҮН

ҚАРМАҚШЫ

Қармақшы төрінде ән әуелеп, күй күмбірлеген, жырдан жайғат жауған ғажайып болды. Қазақтың күміс көмей әншісі Роза Бағланованың 100 жылдық мерейтойы аясында өнер иесі атындағы ұжым гастрольдік сапармен келді.

Қармақшы жеріне келген «Қазақконцерт» ұжымы өнер сапарын Қорқыт ата кесенесіне тағзым етуден бастады. Одан соң Ш.Төлепова атындағы аудандық мәдениет үйінде «Қазақ деген халықтың еркесімін» тақырыбымен гала концерті өтті. Кеште аудан әкімі Әділбек Ерсултанов көпшілікті рухани жігерлендірген өнер ұжымына қармақшылықтар атынан алғысын білдірді. Өнерсүйер қауым асыға күткен концертте ән әлеміндегі жарық жұлдыздар мен халықаралық сахналарда шыңдалған жас өнерпаздар өнер көрсетті.

ҰСЫНЫС-ПІКІРЛЕР ТЫҢДАЛДЫ

ЖАЛАҒАШ

Аудан әкімі Асқарбек Есжанов Жалағаш аудандық емханасының қызметкерлерімен кездесті.

Аудандық емхананың бас дәрігері Еркебұлан Максұтов биылғы 8 айда денсаулық сақтау саласында атқарылған жұмыс барысына шолу жасады. Айта кетсек, қазір 33 190 аудан тұрғынына аудандық орталық аурухана, аудандық емхана, 12 дәрігерлік емхана, 2 фельдшерлік-акушерлік бекет, 2 медициналық бекет қызмет көрсетеді. Аудан әкімі мекеме басшылығына облыс және республикалық деңгейде біліктілікті арттыруға тапсырма берді. Сондай-ақ, ақ халатты абзал жандардың қоғамдағы маңызын айтып, жұмыстарына сәттілік тіледі.

СЕНБІЛІК ӨТТІ

СЫРДАРІЯ

Аудан орталығында қоғам тазалығын сақтау, көшелерді қоқыстардан тазарту үшін сенбілік ұйымдастырылды.

Тазалық іс-шарасына мекеме қызметкерлері белсене атсалысып, кент көшелерін қоқыстан тазалады. Сенбілік аудан орталығынан бөлек, барлық ауылдық округтерде де өтті. Қатысушылар аудан көшелері мен аулаларының тазаруына үлес қосты.

БАЛЫҚ АУЛАДЫ

ШИЕЛІ

Шиелі ауданында ерекше жандардың қатысуымен балық аулаудан сайыс ұйымдастырылды.

Аудан әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен салауатты өмір салтын насихаттауға бастайтын спорттық іс-шарада қатысушылар ерекше белсенділік танытты. Табиғат аясындағы тамаша демалыс олардың көңілін сергітіп, жанға жайлы әсер сыйлады. Балық аулау сайысының нәтижесінде жеңімпаздарға арнайы дипломдар мен сый-сыяпаттар табысталды.

ЖАС ӨНЕРТАПҚЫШТАР

ЖАҢАҚОРҒАН

Жаңақорғанда мектеп оқушылары арасында аудандық «Жас өнертапқыштар» сайысы өтті.

Сайысқа ауданның білім ордаларынан 10 жоба қатысты. Білім алушылардың ғылым мен техниканың әртүрлі саласында өнертапқыштық және зерттеу жұмыстарына деген қызығушылығын арттыру үшін өткен сайыста озып шыққан үш жоба үздік деп танылды. Олар – №195 орта мектебінің оқушысы Құттықыз Ергалиқызының «Ақылды үй» жобасы, №110 мектеп-лицейінің оқушылары Жанна Әбу мен Қасиет Ахметжанның «Күннен қуат алатын үй» жобасы және №162 орта мектебінің оқушысы Ерасыл Ақбаевтың «Робототехника» жобасы. Барлық қатысушыларға сертификат, бағалы сыйлықтар табысталды.

Дайындаған: Шынар БЕКБАН, «Сыр бойы»



Қызылорда қаласында халықаралық Сырдария өзенінің күні іс-шарасы қорытындыланды. Биыл алғаш рет қолға алынған жобаға АҚШ-тың Халықаралық даму жөніндегі агенттігі (USAID) және Қызылорда облысының әкімдігі тарапынан қолдау көрсетілді. Бұл бағытта ұйымдастырылған іс-шаралар Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Түрікменстан елдерінде жалғасын тапты. Осылайша «Сырдария – достық өзені» тақырыбымен Қызылорда қаласында мәресіне жетті.

Сb Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

Облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов жиынға қатысушыларға алғыс білдіріп, өзеннің көршілес, бауырлас елдер арасында достық дәнекері екенін атап өтті. Сырдарияның басым бөлігі Қызылорда облысының аумағында жатыр. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көзі. Аймақта өндірілетін күріш елімізді қамтамасыз етеді және бірқатар мемлекеттерге экспортқа шығарылады. Сондай-ақ, балық өнімдері зор сұранысқа ие. Арал теңізінің тағдыры әмбебап. «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтап қалу» жобасының бірінші кезеңі жүзеге асырылды. Нәтижесінде теңіз аумағында тіршілік қайта жанданып, елдің байырғы кәсібіне оралуына жол ашылды. Ендігі кезекте бауырлас елдер үшін дарияны пайдалану жүйесін ретке келтіру міндеті тұр. Сырдария өзені күнінің маңызы осы ретте ерекше сипатқа ие

Еліміздің Экология, гео-логия және табиғи ресурстар министрлігі су ресурстары комитеті төрағасының орынбасары Досбол Бекмағамбетов су ресурстары кез келген мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі екенін атап өтті. Осы орайда еліміздің Түркістан және Қызылорда облыстарының экономикалық әл-ауқаты Сырдария өзенінің су ресурстарына тікелей байланысты екені дау-сыз.

– Аталған өңірлер мен Арал теңізінің солтүстік бөлігін үздіксіз сумен қамтамасыз

Сырдария – достық өзені



ету мақсатында Қазақстан трансшекаралық су пайдалану саласында көршілес елдермен тұрақты байланыс жасап келеді. Қауіпсіздікті нығайту, суды ұқыпты пайдалану мен сақталуына бағытталған бірлескен жұмыстар жасалу-да. Мемлекетаралық су проблемаларын шешуде кез келген мүмкіндікті пайдалану маңызы артып келеді. Бұл бағытта USAID халықаралық даму жөніндегі агенттігінің жүзеге асырып отырған жобасы қолдауға тұрарлық, – деді Д.Бекмағамбетов.

Жиын барысында USAID агенттігінің су ресурстары және қоршаған ресурстар жөніндегі аймақтық жобасының жетекшісі Екатерина Стрикелова да пікірін білдірді. Оның айтуынша, Сырдария өзені күнін атап өтудің аймақ болашағы үшін маңызы зор. Сол арқылы Арал теңізі аймағында орналасқан Сырдария және Өмудария өзендері бассейндерінде су ресурстарын басқаруға және өңірлік әлеуетті нығайтуға жол ашылады. Оған қоса Орталық Азияның су қауіпсіздігін қамтамасыз етуге зор әсерін тигізеді. Азияның орталық бөлігінде орналасқан халықтың 80 пайызының тіршілігі қос өзендегі су ресурстарына тікелей тәуелді, яғни, ол – сол өңірдегі азаматтардың

өмір сүру көзі деген сөз. Өзендер көршілес бес елдің экономикалық-әлеуметтік жағдайына тікелей әсер етеді.

Сырдария өзені және Өмудария өзені бассейні өңірдің 90%-ын қамтамасыз етеді. Ол – Орта Азия халықтарының 80%-ның тіршілік көзі, Қырғыз Республикасының, Тәжікстанның және Өзбекстанның басым бөлігін, Қазақстан мен Түрікменстанның айтарлықтай бөлігін қамтиды.

USAID агенттігінің жоба жетекшісі Анна Иноземцева, Орталық Азияның аймақтық экологиялық орталығы су бастамаларын қолдау бағдарламасының маманы Ирина Югай Сырдария өзе-

ніндегі қазіргі ахуалға қатысты сөз сөйледі. Кейінгі жылдары су тапшылығы орын алып отыр. Әсіресе, егін науқаны кезінде қиындық тудырып тұр. Нақтырақ айтсақ, 2020 жылдан бері вегетациялық кезеңдегі жағдай күрделі. Іс-шараға қатысушылар осы мәселені жан-жақты талқылап, ұсыныстарын жеткізді.

Айта кетейік, Сырдария өзені күні аясында өткізілген шығармалар мен суреттер байқауында жеңімпаз атанған жоғары сынып оқушылары мен студенттерге арнайы сыйлық табыс етілді. Олардың арасында сырдария өзені бойында орналасқан барлық мемлекеттің өкілдері бар.



Бес жылдан соң...

Рас. Бес жылдан соң бұл ауыл мәре-сәре болды. Әуелі аяқсу келген. Көне сарайда жатып тот басқан кетпеннің де далаға шыққаны сол. Әуелі қайраққа түсті, одан сабы қайта жанарды. Түбі бекісін деп оның басын күнұзақ суга салғандар да бар. Содан соң ауыл маңындағы жерді қарықтаған ағайын көбейді.

Сb Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

Бұлар Алдашбай ахун ауылының азаматтары еді. Түтін саны 200-ге жетпейтін елдің бар тұрмысы – азын-аулақ мал мен бақша егу. Бірақ соңғысынан қол үзгелі біраз жыл болған. Өйткені, су жок. Су болмаған соң көк шықпайтыны бесенеден белгілі емес пе? Кезінде тәуір қауымымен аты шыққан жұрттың жер кетпендеуді ұмытқаны рас. Қиындықта қалған ағайынның базынасы биыл көктемде орындалғанын есіттік.

– Біздің ауыл «Қурайлы» каналының аяғында орналасқан. Аяқсудан тапшылық

көргенімізге бес жыл уақыт болыпты. Бес жылдан бері кетпен ұстамаған диқандар шынымен дағдарды. Ал биыл аудан әкімінің тапсырмасымен дизельді мотор мен электр тоғымен жұмыс су жок. Су болмаған соң көк шықпайтыны бесенеден белгілі емес пе? Кезінде тәуір қауымымен аты шыққан жұрттың жер кетпендеуді ұмытқаны рас. Қиындықта қалған ағайынның базынасы биыл көктемде орындалғанын есіттік.

– Біздің ауыл «Қурайлы» каналының аяғында орналасқан. Аяқсудан тапшылық

ахун ауылдық округінің әкімі Нұрбол Тоғызбаев.

Айтпақшы, Астана қаласында өткен облыстың ауыл шаруашылығы өнімдері жәрмеңкесінде Сыр өнімінің саудасы жоғары деңгейде болғаны белгілі. Күріш пен балық, қауын-қарбыз бен көкөністі қаптап алушылар көп болды. Тіпті, жыл базарының бірінші күні-ақ Сырдың ақ күріші түресілді.

Міне, осы жәрмеңкеде алдашбайлық жігіттердің қауын-қарбызына сұраныс жоғары болғанын айтқанымыз жөн. Ауыл әкімі айтқандай, Серік Бейісов өзі еккен қарбыздан 25 тонна апарса, «Майлыөзек К» ЖШС төрағасы Мақсат Байтұрсынов бастаған азаматтар 10 тонна өнімін жеткізген. Осылайша аудан не облыс орталығында болатын жәрмеңкеде емес, сонау Сарыарқа төрінде Алдашбай ахун ауылының диқандары еккен жер дәмінің өнімі алғаш рет сатылыпты.

– Басында сенбестік болды жұртта. «Қой, өнбес тірлік мынауың» деп қолын бір сілтегендер жетерлік. Несін айтамыз, көктемгі тырбаң күзде нәтижесін берді ғой. Берген емей немене, ауыл диқандарының маңдай тері сонау Астанамызда ақталғанын көрдік. Өрі біз апарған қауын-қарбыз, асқабаққа келушілер өте көп болды. Көп жылдан бері кетпен ұстамаған алдашбайлық жігіттердің еңбегі солай жанды, – дейді «Майлыөзек К» ЖШС төрағасы Мақсат Байтұрсынов.

Бұдан бөлек, шаруашылық «Майлыөзек-Қуандария» №1 учаскесіне қойылған механикалық насос арқылы 310 гектар жерге жоңышқа сепкен. Оның нәтижесі жаман емес. Ал ауыл диқандары бүгінге дейін жергілікті тұрғындарға қолжетімді бағамен қауын-қарбыз, картоп және асқабақпен қамтамасыз етіп жүр.

Сондай-ақ биыл ауылда жаз бойы электрлі насос арқылы аяқсу беріліп тұрған. Соның арқасында тұрғындар ауласына бақша мен көкөніс егіпті.

Қуанышты жаңалық, жақын күндері жергілікті билік тарапынан тағы бір дизельді мотор берілмекші. Ауыл әкімінің айтуынша, бұл үлкен көмек әрі алдағы жылы бақша егу көлемі мұнан да артпақ.

Қазір ауылдық жерде бақша егетіндер аз. Тіпті кейбір елде жок десек те болады. Балкім, оның бір себебі судың аздығы шығар. Бірақ су аз деген сылтауды кейінге ысырып, белуардан бейнет кешіп жүргендер жок емес. «Барымен базар» етіп, бақшасын гүлдендіріп жүргендер біздің Сыр бойында жетерлік. Содан болар, жер емген диқанға құрмет өзгермек емес.

Қармақшы ауданы

Осыдан отыз жылдай бұрын кезекті рет Алматыға барғанымда көпқабатты үйдің сегізінші қабатында тұратын туысымның үйіне соққаным бар. Сонда сол үйдегі інішестің қол жуатын бөлмеде суды барынша сарылдатып ағызып қойып, ынылдап әндетіп тұрып тісін жуып жатқан сәтін көріп қалдым.

Сb Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ, «Сыр бойы»

Су ысырабы неге әкеп соқтырады?



– Оу, мынаны азайтсаңшы, сен тісіңді жуам дегенше бір шелек су құр босқа ағып кетті ғой, – деп, кранды барынша бәсеңдетіп, сыздықтап қана ағатындай етіп қойдым.

– Ой, аға, бұл сенің Қызылордадан дейсің бе, үшінші қабаттан жоғары су көтерілмейтін. Бізде су жетеді. Анау Алатаудың басын көрдің бе қанша су жатқанын, – деді де, қайтадан көбейтіп ашып қойды. Оған су бағасы арзан болғанмен оның өте құнды, сұрауы бар дүние екенін, ысырап жасауға болмайды деген мағынада айтқан сөздерім ешқандай да әсер ете қоймады.

Күні кеше Worldometers агенттігінің әлем мемлекеттерінде адам басына күнделікті пайдаланатын ауызсу көлеміне қатысты жүргізген зерттеулер нәтижесін көргенде сол әңгіме есіме түскені. Жүргізілген зерттеулер қазақстандықтардың суды үнемдемейтінін көрсетіп отыр. Бізде әрбір тұрғын пайдаланып отырған ауызсу көлемі 3,5 мың литрден келеді екен. Зерттеушілер келтірген мәліметке сай бұл – әлем бойынша он бірінші көрсеткіш. Ал көршілес Ресейде 1,3 мың литр болса, Грузияда сәйкесінше 1,2 мың литр және Украинада 604 литр. Ал Ұлыбритания көрсеткіші бар болғаны 348 литр ғана.

Тізімдегі 179 мемлекет ішіндегі ең төменгі көрсеткіштер африкалық елдер еншісіне келеді екен. Ең соңында тұрған Конго Демократиялық Республикасында адам басына тұтынатын су көлемі 34 литр ғана.

Дегенмен, тізімнің бас жағына қайта оралайық. Тізім бойынша лидер Түрікменстан мемлекеті болып шықты. Онда адам басына тұтынатын тіршілік нәрінің мөлшері 16,3 мың литр деп көрсетілген. Алғашқы үштікке екі онтустикамерикалық ел кіріп отырғанын байқаймыз. Олар – Чили мен Гайана. Соның ала тағы да ортаазиялық үш ел – Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстан келеді. Бұл көршілеріміздегі тұрғындардың күнделікті тұтынатын су көлемі сәйкесінше 4,8 мың, 4,5 мың және 4,3 мың литрден болып отыр. Тізімдегі жетінші мемлекет – АҚШ. Олардың көрсеткіші – 3,8 мың литр.

Кейде кейбір зерттеулер нәтижесіне күмәнмен қарайтын да кездер болады. Бұл зерттеу көрсеткіштеріндегі Орта Азия мемлекеттері тұрғындарының соншалықты көлемде суды тұтынады дегені де күмән тудыратын секілді. Бір жағынан бұл зерттеулерде адамның ас суынуынан бөлек, жуынуына, шомылуына, кір жууға, көлігін жууға, ауласын тазалауға, бақшасын суғаруға, құрылыс жүргізуге пайдаланатын су көлемі де кіретінін есептесен, сенбеске амалың жок сияқты. Өйткені, осы айтылған жұмыстардың бәріне үйге кіріп тұрған ауызсу жүйесінен алынатын су жұмсалатыны түсінікті.

Зерттеуде былтыр 63 мемлекеттің 123 ірі қаласындағы ауызсу бағасына жүргізілген мониторинг нәтижесі де келтірілген. Осы тізімге енген қазақстандық үш ірі мегаполис – Шымкент, Астана және Алматы қалалары тізімде сәйкесінше 117, 118 және 119 орындардан табылыпты. Ондағы судың бір текшеметрдің бағасы 0,19, 0,11 және 0,1 евро екен. Демек, Қазақстан Республикасында ауызсу бағасы әлемдегі

ең арзандарының қатарында. Бұдан төмен бағаларды тізім соңындағы пәкістандық Карачи (0,08 евро), Египет астанасы Каир (0,07 евро) және Сауд Арабия астанасы Эр-Рияд (0,03 евро) қалаларынан көруге болады.

Әрине, бұл жерде бізгегі жалақы мөлшері аз болғандықтан ауызсу тарифі де төмен екенін алға тартуға болар. Дамыған елдерде жалақы мөлшері үлкен, соған сәйкес су бағасы да жоғары болатыны түсінікті деген пікір айтылар. Бірақ, орташа жалақы мөлшері біздегіден төмен Украина, Индонезия, Бразилия секілді тағы басқа да көптеген мемлекеттердегі су бағасы біздегіден жоғары екені анықталып отыр.

Мониторингке енген 123 қаладағы ең қымбат су норвегиялық Осло қаласына тиесілі болып шықты. Онда судың бір текшеметрі 5,51 евро болып бекітілген. Бұл жерде де олардың табысы бізден жоғары екенін айтып, тағы да ақталғың келеді. Бірақ, келесі мәліметтерді көргенде тіліңді тістей тұруға тура келеді. Норвегия тұрғындарының табысы ҚР азаматтары табысымен салыстырғанда 7,7 есе көп. Осындағы судың тарифі Астана тарифінен 52 есе, Алматы тарифінен 58 есе көп болып отыр. Әрине, мұндай жағдайда Норвегия халқы суды үнемдеп жұмсайтыны түсінікті. Оны ол жақтағы тұрғындардың адам басына тұтынатын ауызсу көлемі 1,8 мың литр болғанын өзі дәлелдеп тұр емес пе? Біздерден екі есе аз тұтынады.

Суды үнемдеп жұмсау мәселесі тек ақшаға ғана келіп тірелмейді. Су – адам өмірі үшін өте маңызды ресурс, онсыз адамзат тіршілік ете алмайды. БҰҰ мәліметіне сәйкес, 2,2 млрд халық оған қол жеткізе алмай отыр екен. Біздің планетамызда су көп, әйтсе де оның қадірін білеміз бе? Жер шарының 60%-ында тұратын халық тұшы судың болмауынан немесе жетіспеуінен зардап шегеді. Мәселен, Грецияның Афины және Пирейға жақын орналасқан аудандарында ауызсу жок. Оны алыстағы таулардан тасып ішетіндіктен, су бұл жерде шараптан да қымбат. Хорватияның көптеген облыстарында әрбір тамшысы есептеледі. Югославияның кейбір теңіз жағалауындағы аудандары мен аралдарына кемемен жеткізіледі. Кейбір жерлерде автомашинамен, тіпті ұшақпен тасылады. Мәселен, Гонконг пен Сингапур тұшы суды көршілес Қытай мен Малайзиядан алады. Алжир елі бүтіндей дерлік тасып ішеді. Жапон елінде де өте көп еңбектен келеді. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Су аса маңызды проблеманың біріне айналатын күн де таяу дейді ғалымдар.

Сол себептен тіршілік нәрін ысырап етуге болмайды. Мұны әрбір адам жақсы түсінгені абзал. Атам қазақ «Судың да сұрауы бар» деп тектен-тек айтпаса керек. Қазір нарық заманында өмір сүріп жатырмыз. Өйтсе де мақаланың басында келтірген інішестің әрекетіне ұқсас келенсіздіктерді бүгінгі күні де өкінішке орай, жиі көріп тұрамыз.

Суды үнемдеп жұмсау мемлекеттің экологиялық жағдайының жақсаруына, ұлттың әлеуметтік ахуалының жоғарылауына тікелей әсер ететінін де білгеніміз дұрыс.



Бабалар рухына Жүгіну

Арал теңізінің жағалауында орналасқан Ақбасты елді мекенінің маңынан XVIII ғасырда ғұмыр кешкен атақты ба-тыр, би, кіші жүз Әлім, Төртқараның Сексені Кенжесұлы Тұғыр бабамыздың балаларымен бірге жатқан қорымы табылды. Бабаның бүгінгі ұрпақтары қасиетті мекенді қоршап, басына кесене тұрғызып, ұрпаққа ұлағатты, сауапты іс жасады.

ТҰҒЫРТӨБЕ

Сартабан боп сан ғасырдың іздері, Тіршіліктің өткен талай жолдары. Деректің сан тараптан ізделім, Қыдыр баба қолдады.

Келіп тұрмын киелі бұл мекенге, «Сайы, – депті ел, – Тұғырдың». Зиратында ұрпақтардың көтерген, Кесенен тұр! Қасиетінді ұғындым.

Аруақтардың топырағын киелі, Басып тұрып, көкжиекке қаралым. Алланы кім сүйсе, Алла да сүйеді, Пендем деген адамның.

Тұғыр баба – Қарашах Әлімнен, Жаншүкір боп... Торым болып тараған. Шежірелмді тәксірлеймін тағы мен, Сан ғасырға сәуле салып санадан.

Көкірегінен қоңыр үйрек ұшқан топ, Кенжес бабам Қыдыр көрген үш мәрте. Сол бабадан Тұғыр батыр көшелі, Дуалы ауыз абыз бопты деседі.

Мұнар тарих соқпағында аласып, Қате басқан, қасиетіммен демегін! О, киелім, кесенен тұр жарасып, Жыр ғып шертіп, әулеттің бұл дерегін.

Арпалысып, өткен талап-тағдырмен, Көп жүрдім бе, келер жолды тақа алмай. Мәңгірті болып кете жаздан қалдым мен, Бабаға арнап жыр шырағын жаға алмай.

Тұғыр ата, тұрағында мәңгілік, Ата жұрттың мекенінде киелі. Кесенен тұр арты – тарих, алды – үміт, Үрім-бұтақ өткенге бас иеді.

Жаңа ғасыр шапағымен түрлендің, Тарихымнан ашып бетін көне бір. Әулиелер мекеніндей бұл жердің, Топырағына тәу етуге келер ұл.

Келіп саған, өткенді еске ап күрсінер, Келіп сенен қуат алып, сілкінер. Тұғыртөбе, Тұғыр атам жатқан жер, Тұғырым боп тұрғандайсың ту тігері!

ТӘУБА

Ерек төбе қырқарланып тұр биік, Көкке ұмтылып, тәу еткендей Тәңірге. Дүниадан бір сиқырлы нұр жынып, Сөзбенгілеп бабам жатқан қабірге.

Ұққан жанға тегін төбе емес бұл, Ордаланып жатқан оба-обалар. Түмен тарих түкпірінен көмескі, Сыр тартқандай сан тараулы жорамал.

Жақпар тастар – баба үйінің ауқымын, Қорғап жатқан сан ықылм заманнан. Тарам-тарам ойларымның тамтығын, Тамыздықтап тартады кеп тағы алдан.

Тізе бүктім, би-исмила Алла деп, «О, Тұғарым, тәуба, – дедім, – бұған да!» Күн туғаны өзіне деп арнап кеп, Дұға оқитын, көңіл беріп Құранға. Ата-бабам жатқан мынау шығанда.

О, киелім, тізе бүктім алдында, «Ла Иллаһа илә Алла», – деп күбірлеп. Нығметі болар Алла-Жардың да Нәсіп еткен күндердің бұл күнінде.

Сонау жатқан етегінді аймақтап, Көлбеңдейді көкөрайсы сай құлап. Батыр баба, сол бір көркем сай жатқан, Елеңдейді тағы бір ой айқұлақ.

Егеленіп, елдік құрып, еңшілеп, Орын тепкен сенін құтты күлдігін. Осы өңірдің тау-тасымен қоныс боп, Осы аспанның ашып-жауып түнідигін.

Тірлік кешіп өткен сол бір заманаң, Қыр астынан күмбірлейтін тәрізді. Ұрпағына ту-у алыстан қараған, Ықсыланды білдім дейтін тәрізді.

Жарандарым, жар басында жалпына, Тілектест боп жаттым дейтін сияқты. Тіршіліктің қаратпаған артыңа, Байырқасын бақтым дейтін сияқты.

Ата жұрттың – Ақбастының төрінде, Өздеріңді күттім дейтін сияқты. Енді бүгін медет қылып көңілге, Ізетіңді ұқтым дейтін сияқты. Лә Иллаһа иллаһа!

КӨКШЕ ТЕНІЗ

Баба, мынау нұрлы әлемді сен де өткен, Тұғыртөбе білгінен шолсам бұл. Тандап алған сияқтысың жер-көктен, Дүниенің төріндей ғып аңсаулы.

Назар салып, мынау жатқан сай жаққа, Кұмбыл көңіл көне жұртты көрсө игі. Анадайдан айналанды аймақтап, Көкше теңіз көк, жасыл боп көлкіді.

Көкше теңіз! Тау толқыны аспандап, Бабалардың төрбетті ме қиялын. Тіршілік тұр – толқын қуған қасқалдақ, Бүгін мынау қанағат қып қияғын.

Кіші теңіз... дейміз, қалған Ұлыдан, Түмен жұрттың көз қуаныш тамшысы. Біздің көңіл осыған да жылыған, Тақ түскендей асығының алшысы.

Сен көргенде қандай-лы бұл «жырашық», Салқар суы шалқыды ма шығанға? Бұл күндерде тағдырмен тұр сынасып, Көкше теңіз – тұмар болған Тұранға!

Теңіз десем, түмен сезім дүр ойнап, Толқын-толқын ойларыма қамалдым. Ұшандағы үрейлерім былай қап, Қиырына қиял салдым Аралдың.

Бұырқанған мейірімін төгіп тіым, Бала кезден бауыр алған көріктім. О, көк теңіз! Бабамның да мұратын, Сен тербеткен екенсің ғой деп ұқтым.

Теңіз, теңіз! Қайран теңіз, мына мен, Айдыныма аруағыңды аң шығар ем.

Музам болып, күмбірлетіп кеудемді, Санамад сен ұрандатып тұрар ең...

Қиыр асып, қиян қонып, қиялмен, Дария боп арнаға кеп құяр ма ем. Тұғыр баба тұқымымен жатқан жер, Көшірсем кеп, көкірегіме сыяр ма ең...

Сағынышты сазы болар бұл да бір, Баба, сені көп іздеген ұлыңның. Кеудемде бір көтеріліп жыр-дауыл, Тағы да кеп, құдыретіңе жүгіндім.

Қарғадайын бала кезден желігіп, Жаныма кеп жарқын-жарқын толып ән. Теңіз үнін тыңдаушы едім елігіп, Сенің даусың шығар бәлкім, сол ұран...

Тұғыр баба, жаным жырға құмар, шын, Теңіздейін толқысам ғой қаһарлы. Бәлкім, бір кез сен жырлаған шығарсың, Бүгін мынау мен сап жүрген мақамды...

ҚҰЛЫПТАСТАР

Қайран мекен, ата-бабам орыны, Саф ауанды құштарлана жұтатын. Қайран ата-бабалардың қорымы, Қоршап жатқан қара жердің тұтамын.

Қанша заман дерегіңнен жаңылып, Есегңіреп естеліктің сиқынан. Жер қадірін, ел қадірін жаңа ұғып, Енді ес жиып тұрғандаймын ұйықдан.

Бейіт сырын, қорым сырын ұқпадым, Өткен жанға белгі ғой деп білсем де. Құлтегің мен Тоныкөктің ақпалын, Құлыптасқа қарап танып жүрсем де.

Құлып қойып, көктас ойып бөлізбен, Аспан-Жердің арасында күн кешіп. Желдей болып көшкен тарих анызбен, Тұрмыз бүгін тірі адамдай тілдесіп.

Тіршілікте көп нәрселен түнілдім, Қателестім, бәлкім, қанша от бастым. Әр қарпіне аялаумен үңілдім, Қадірін де енді ұққандай көктастың.

Пәниліктің сансыз күйі сынсыған, Көшіп-қонып өтер тарих ғұмыр бұл. Кездерінде ертен тірлік тынышқан, Уақыт бәрін перделейді бұлыңғыр.

Деп тұрғандай бұл даланың сабағы, Ұға білсең, өмір деген деп осы. Әр пенденің жабылады жаңары, Ашылады деп есігін келесі.

Тек артыңда Жерің қалар мәңгілік, Жоғалмайтын дүниенің жұрнағы. Жұтпаасң да сиқырымен таң қылып, Жусан иісі әлемді алып тұрағын.

Көкіректе қалар мәңгі өзінмен, Тербеп сені Дала аталған бұл бесік. Міне, солай кезінде де көз ілген, Туған жермен жатардайсың тілдесіп.

Шіркін өмір, бабалардан жалғасқан, Керемет ең, неткен, шіркін, тәтті едің! Құлыптастар тарихтың алмасқан, Парақтап тұр қашалған тас дөңгтерін.

Осы ойлармен қаузап келем дерегің, Шіркін, мынау ата-баба жұртыңаң. Көктей өткен сан ғасырдың белерін, Қасиетін тастаң құйған құлпының.

Аз, кеудемде бір сезім бар түлеген, Ирішп айтар көңілдің көп даттарын. Сен болмасан, қайдан ғана білер ем, Мынау тұста Тұғыр бабам жатқан.

Көне тарих сенің ғана есінде, Нені қосып, нені аламын түзітеп. Құлыптастар, үңсіз дала төсінде, Тұрдындар-ау, баба аруағын күзетіп.

БАБА БЕЙНЕСІ

Пенде басы – добы, – дейді, – Алланың, Күмән айтып, күшір болар жок жайым. Көтере алман ауыр сөздің салмағын, Асылыққа бармайын.

Бас дегенің бейнесі ғой Ғаламның, Домаланған қауақ емес бас деген. Мандайыңда тағдыры тұр адамның, Бірге біткен баспенен.

Адам – Ғалам бас арқылы байланып, Тіршілігін кешеді екен бұйырған. Дүниенің өзегінде айналып, Бір Жаратқан қисын жасап қиыннан.

Менепе деп құпиялап, нықталып, Мандайдағы жазуыңды көрешек. Пенделікпен көп нәрсені ұқпадық, Өзгермейтін көрінеді ол есеп.

Бейнең де тұр белдерінде басқынн, Бейнесізден, бедерсізден сақтағай. О, Тәңірім, хан Кенедей асылдың, Қайран басын күте алмадық, масқара-ай!

Басында ердің атағы да, аты да, Басыңда бар тірліктегі арманды ой. Дұшпандары қас батырдың қапыда, Басын шауып алған ғой.

Махамбеттер, марқасқалар, марайма, Хан-сұлтанның қабағына қарай ма! Өлігі есерсоқ қапияда келді де, Қайсар басты шауып алды, алайда.

Қайран бабам, батыр бабам, би бабам, Болашаққа, бізге тірлік сыйлаған. Елестете алмай сенің бейнеңді, Тұман ойдың тұтқынында қиналам.

Мен білгенде, дидарыңда сенің бұл, Қайраттың тас қайрағы бар деуші едім. Нұрлы ақылдың қайнары бар деуші едім, Қас дұшпанда қабыландай атылар, Асаулықтың айбары бар деуші едім.

Қайран басың қарқаралы, қабақты, Қыр мұрынды, өт жанарлы деуші едім. Өткір жүзі өткізбес жау жаракты, Мысы мықты, оқ қағарлы деуші едім.

Сөзбен өзім салып алған бейнеңді, Көзбен өзім тауып алған бейнеңді. Ойлап-ойлап, ойып алған бейнеңді, Көз алдыма келтірем де, о, баба! Жабьрақумен отырамын кейде енді.

Шанжархан БЕКМАҒАМБЕТОВ

МАХМҰТБАЙ ӘМІРЕҰЛЫ – 80

Өткен ғасырдың 60-жылда-ры қазақ поэзиясы бұрын-соңды қол жетпеген жетістіктерге, асқаралы асулар мен биік бе-лестерге көтерілді. Әсіресе, қазақ лирикалық поэзиясының философиялық тереңдігінің ар-туы, публицистикалық сипа-тының – уақытпен үндестігінің молаюы, ең бастысы ақын-дарымыздың әдебиетіміздің ұлттық дәстүріне біржолата, бірінғай бет бұруы байқалып қана қойған жоқ, әдебиеттің бағыт-бағдарына, кезеңдік сипа-тына айналды.

Әдебиетіміздің бір топ талантты өкілдерінің: О.Сүлейменов, К.Мырзаліев, Ж.Нәжімеденов, М.Мақатаев, Т.Молдағалиев, С.Жиенбаев, Т.Бердияров, Т.Айбергенов, М.Шаханов, Ф.Онғарсыновалар, т.б. шығармашылықтарының шыңдалып, шырқау биікке көте-рілген тұсы осы 60-жылдарға тел келді. Қазақ лирикалық поэ-зиясында мазмұндық, формалық жақтарынан көптеген жаңарулар мен жаңғырулар, жаңалықтар жасалды. Қысқасы, қазіргі әде-биетіміздегі онды өзгерістер, даму, ілгерілеу сипаттарының бәрі өз бастауларын сол 60-жыл-дардан алып жатыр.

Қызылордалық ақындардың да өз шығармашылықтарын жоғарыда аталған қазақтың та-лантты ақындарының ізін ала бере бастағанын білеміз. Олар: К.Сүйенішов, Ә.Рахымбекұлы, М.Әміреұлы, А.Сопыбекұлы және т.б. еді. Жерлес ақын-дарымыздың шығармашы-лықтарының алғашқы кез-зеңдерінен-ақ сол жоғарыда айтқан әдебиетіміздің кез-зеңдік сипатына улес, үн қосу бағыттары байқалады. К.Сүйеніш, Ә.Рахымбекұлы шығармашылықтары туралы өз ойымызды кезінде жергілікті, орталық баспасөз беттерінде білдірсек, М.Әміреұлының шы-ғармашылығы туралы айту мен жазудың реті бүгін түсіп отыр. Бір нәрсе анық, Қызылордала туып, шығармашылықтарын Ал-маты, Астана сияқты орталық қалаларда емес, аймақта, ауылда жәріп жасаса да, бұлар сөз жоқ әдебиетіміздің талантты өкілдері бола білді, бола береді де.

Әдебиеттің білгірі ұлы Зекен, академик З.Қабдолов суреткер тұлғасы туралы терең толғанады. Шын суреткердің 8 түрлі қырына тоқталады. Олар:

1. Сезім (сезімталдылық)
2. Бақылау (бақылағыштық)
3. Қиял (творчестволық фанта-зия)
4. Интуиция (болжампаздық)
5. Өмірбаян (тәжірибе)
6. Парасат (интеллект)
7. Шеберлік
8. Шабыт

Өзін де, шығармашылығын да көптен білетін Махмұтбай ағамыз туралы ойланғанда шы-найы суреткерлік пен ұлы тұл-ғалар жөнінде айтатын Зекеннің әңгімелері ойыма орала берді. Махмұтбай ағамызды алғаш көргенде-ақ, шынын айту керек, маған тұр-түсімен қатты ұнады. Мұңғаздай киініп, тап-таза жүретін ағамыздың ақындығы осы сұлулықтан бастау алып, жаратылып жатқандай көрінді. «Сұлу ойлау үшін, сұлу жүру керек» (А.Чехов) деген сөз тұ-ралы ойландым. Жүре келе, шығармашылығын танығаннан кейін Махмұтбай ақынның ойында да, бойында да жоғарыда Зекен айтқан қасиеттердің бар екенін байқалдым.

Бүгінде 80-нің сенгіріне иек артқан Махмұтбай ақынның болмыс-бітіміңде шынайы су-реткерге тән қадір-қасиеттің бәрі де бар. Оны бүгінгі күнге шығармашылық тұрғыдағы бап-ты қалыпта, шаршатпай жеткіз-ген де сол ұлы жаратушы берген қасиеттері болып табылады.

Қолымызға ақынның «Ақ тандар» атты кітабы тигесін асықып, сабырмен парактап шықтық. Мәлдіреп тұрған сырлы да сұлу өлеңдер, ойлы, мазмұнды, мағыналы дастан-дар көзімізге бірден түсіп, көңілімізді баурай түсті.

– Самал жел соғатұғын, Саумалдай болатұғын. Көгіңде жұлдызы да, Жоғары қонатұғын.

Қызық шақ келді дейтін, Қызғалдақ желбірейтін. Өзен мен көлдері де, Өзгеше мәлдірейтін.

Ашылған торғындай тұн, Армандай қол бұлғайтын Аптабы салқындатып, Ақпаны тоңдырмайтын. (17-6)

Бұл – енді нағыз табиғат ли-рикасы. Өнер мұраты сұлулықты жырлау болса, сөзбен сурет

АҚЫН



салудың үздік үлгісін жоға-рыдағы өлең танытып-ақ тұрған жоқ па? Ақын табиғаттың сұлулығын жырлау, таныту арқылы біздің сезімімізге шоқ тастағандай, тұған жерімізді еске алып, елжірей түстік. Тұшындық, жүрегімізді шар-пыған сезім отына бөлене түстік, табиғат сұлулығына ынтыққан қалпымызда жалпы сұлулық әлемі туралы тасма-нып, ойлана басталдық. Өйткені, «Әлемді құтқаратын сұлулық» (Ф.Достоевский). Сұлулыққа сүйсін, оны танып, тамсану ар-қылы адам өзінің жанын тазалай-ды, жүрегің мейірге толтырады.

Біз әдетте өлеңдердің дүниеге келуіндегі әдебиеттің бейнелеу тәсілдеріне мән бере бермейміз. Ал әдебиеттің бейнелеу тәсілін анықтау арқылы өлеңдегі ақын қызметін саралауға болады. Өлеңнің тектік табиғатын, жанрлық сипатын тап басып айтуда ақын қызметін танудың манызы зор. Ақын бар өлеңде бірдей қызмет жасамайды, әр өлеңде ақын қызметі түрліше болады. Бір өлеңнің ішінде бірнеше күйге түсіп, сынап-тай сырғыған сезімге сай өзінің қызметін өзгертіп отыру – жалпы ақындық өнердің табиғи сипаты, ерекшелігі. Бір өлеңнің ішінде бірнеше тақырыптың жүре беруі де осыдан.

Махмұтбай ақынның өлеңнің нысанына табиғатты, табиғат құбылыстарын алуына басқа бір өлеңін мысалға келтірейік.

– Өрлікті таудан алдым, Пәктікті таңнан алдым. Өзгеше туған далам, Өзіңнен аумағаным.

Қиялым қырларыннан, Қуатым құмдарынан. Жұпар жел, ауаменен, Жаныма жыр дарыған.

Сырым жоқ жасырын да, Суың боп тасыдым да. Самалын сабырымда, Бораның ашуымда.

Гүлдерің – сезімдерім, Түндерім көзім менің. Жарқырып шыққан күнің, Жарқан жас кезім менің.

Атқан таң армандарым, Сай-қырын – сайран бағым. Өзіңсің, туған далам, Жарқырып жанған бағым. (7-6)

Бұл өлеңде де табиғат бар. Бірақ бірінші өлеңдегіден басқаша күйге алынып отыр. Сөз жоқ екі өлең де – көркемдігі жағынан қамшы салдырмайтын-дай келісті дүниелер, ақынның жан сырын өзгеше бір күйде танытатын көркем туындылар. Бірінші өлеңде ақын табиғат суретін салумен шектеледі. Бірақ соның өзі өмірдің өзіндей адам-ды сұлулыққа табындыратын ынтық дүние, нағыз лирика бо-лып шыққан. Өлеңнің нысаны табиғат болса, ақын табиғаттың сұлулығын суреттеу арқылы өмір, өмірдің мән мен маңызын үлкен суреткерлікпен жеткізе алған. Ал екінші өлеңде ақын табиғатты, оның құбылыстарын өз жанымен, жүрегінің лүпіл-лімен бірлікте көсөрім жыр-лап отырған. Грузин әдебиетін зерттеуші А.Беселия ақын өлең тудыруда, жаратуда әдебиеттің бейнелеу тәсілінің үш түрін пай-даланатынын айтады. Олар: 1. Бейнелеу тәсілінің объективті түрі. 2. Бейнелеу тәсілінің субъективті түрі. 3. Бейне-леу тәсілінің субъектіленген объективті түрі, яғни аралас түрі.

Өлең дүниеге бейнелеу тәсілінің қай түрінің негізінде келгенін біліп алсақ, өлеңдегі ақын қызметін дұрыс саралай алар едік, ақынның стильдік даралығын, яғни суреткерлік өзіндік қолтаңбасын дұрыс та-ныр едік.

Махмұтбай ақынның біз

мысалға келтірген бірінші өлеңі дүниеге әдебиеттің бейнелеу тәсілінің объективті түрінің негізінде келгені көрініп тұр. Өлеңнің объектісі табиғат бол-са, ақын сол табиғатты сурет-теген. Табиғат сұлулығын та-нытуда сөзбен сурет салудың әсем үлгісін жасаған. Ал лирикалық поэзияның күші – сөзбен сурет салуда. Ақынның талант құдіретінің, шабыты мен шеберлігінің тайға таңба басқандай танылатын тұсы да осы жер. Махмұтбай ағамыз осы өлеңнің өзімен-ақ нағыз сурет-кер, шынайы ақындық өнердің иесі екенін дәлелдеген деп ой-лаймын.

Ақынның стилінен бай-қалатын бір ерекшелік – сыр-шылдық. Сезімді төгітіп, мәлдіретіп, таусыла жырлайды. Стиль суреткер шығарма-шылығының белгілі бір кезе-нінде тұрақты қалыпқа түсіп, орныға бастайды да ақын шығармашылығының қыр-сырын толық таныта алатындай күйде жетекші, белсенді роль атқарады. Бүгінгі Махмұтбай ағамыздың ақындық стилінен негізінен жас ақындардың стиліне тән асаулық, апыл-та-пыл басатын тарпаңдық, не боларын білмей мазмұндық, формалық жаңалық іздеп, әр нәрсеге ұрынып, басын алып қашқан тұлпардай өнерде, поэ-зияда тосын мінез көрсету аты-мен жоқ. Керісінше өзеннің жылы ағысындай жайлы, бал-таласа бұзылмайтындай қалып-ты, тұрақты бір күйге түскен, байыпты стильді аға-мыздың шығармашылығынан байқалық. Өлеңдері өзіне ұқсап кеткен «Өлеңім өзіне тартқан» (К.Аманжолов) дегендей жай-күйді көрдік. Өлеңі өзіне, өзі өлеңіне әлдеқашан ұқсап кет-кен Махмұтбай ақын – сыр-шыл лирик. Өмірде сырбаз, сұлу адамның өнерде сыршыл, сезімтал болуы заңды да ғой. Сыр мен сезімді ақын неғұрлым көбірек жырласа, оның ақындық талантының соғұрлым күшті болғаны. Бұл – дәлелденген әдебиет өмірінің шындығы.

Ұлы Абайдың дарын қуатының, ақындығының күштілігі ақыл мен ойды емес, сезімді жырла-уында екені бесенеден белгілі жағдай. Ұлы ақынның жүрек сөзінің алдына 70-ке жуық эпитетті келтіруі кездесісоқтық емес қой. Бұлайша жүрек пен сезімге басымдық беріп жыр-лау Абайға дейінгі де, кейінгі де ешбір қазақ ақынының қолы жетпеген поэзиядағы биіктік бо-латын.

60-жылдардағы лирикалық поэзияда Ғ.Ормановтың «Бұлақ» деп аталатын өлеңіндей туын-дылар көбейді. «Бұлақ» – нағыз классикалық үлгідегі лирикалық туынды.

– Сылдыраған тас бұлақ, Көрдім таудан қайнаған, Жағасында жапырақ, Суын сипап ойнаған.

Көрінді ыстық ол маған, Жас күңгі бір кезімдей. Жас жігітке қараған Жас сұлудың көзіндей.

Еске түсіп бала кез, Жұдым судан бетімді Талай мәлдір қаракөз Қарап тұрған секілді.

Бұл өлеңді табиғат лири-касы деп өте шыға алмайтын-нымыз қандай анық болса, өлең астарындағы лирикалық поэзияға тән қадір-қасиеттердің ашы-луы тиістілігі де сондай ақиқат. «Бұлақтың» алғашқы шумағында көріп отырғанымыздай, ақын-ның табиғатты, табиғат құбы-лыстарын (бұлақты) суреттеуі мен сипаттауы ғана орын алса, өлеңнің екінші



Көшпенділер ойыны кемелденіп келеді

Түркияның Изник қаласында Дүниежүзілік көшпенділер ойыны мәресіне жетті. Төртінші мәрте ұйымдастырылған дүбірлі додада еліміздің атынан 50 спортшы көкпар, көкбөрі, казак күресі, дәстүрлі садақ ату, жамбы атудан (ат үстінде садақ ату) сынға түсті.

Байрақты бәсекеде казак спортшылары 9 медаль еншілеп қайтты. Оның ішінде 3 алтын, 4 күміс және 2 қола бар. Алтын медальдың алғашқысы көкпардан түсті. Биылғы додада көкпарға қызығушылық білдірген құрамалар саны көп болды. Сол себепті алдымен топтық кезеңде қазақстандық спортшылар Өзбекстан мен Моңғолия құрамасын 8:1 және 12:2 есебімен айқын басымдықпен жеңді. Финалдағы Қырғызстанмен кездесу әдеттегідей аса тартысты жағдайда өрбіді. Нәтижесінде ел құрамасы қарсыласын 4:3 есебімен тізе бүктіріп, жеңімпаз тұғырына көтерілді.

Айта кетерлігі, көкпар тұңғыш рет көшпенділер ойыны бағдарламасына енгізілді. Бұл жөнінде еліміздің Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев әлеуметтік желідегі парақшасында тарихи оқиға екенін атап өтті.

Жарыс барысында ел намысын Ұлан Байтөреев, Абылай-



хан Нышанбеков, Құрманбек Тұрғанбек, Ынтымақ Әліпбаев, Құлажан Тоғайбаев, Бақытжан Әзімбай, Дәулет Айтан, Арман Жамалбеков, Есжан Құрманбай, Ислам Рәт, Айнабек Бердіқұл, Әділет Мамыт сынды спортшылар абыроймен қорғалды.

Ал көкпардың қырғызстандық нұсқасы саналатын көкбөрі спортынан Қазақстан, Қырғызстан және Түркия сайысқа түскен болатын. Бұл жолы да финалда Қазақстан және Қырғызстан құрамалары кездесті. Ел құрамасы сапында Манарбек Дүйсенбиев, Абылай Қарқабат, Ернат Мәлімбай, Мәді Сейділұлы,

Бақытжан Сайдолданов, Тахир Жұмашев, Алматы Жүнісов, Ергалым Жақсылық, Елдос Асыл, Темірлан Сейітбеков, Қайыржан Сүлейменов, Ернар Жарылқасын ойын көрсетті. Сайыс барысында қырғыз спортшыларының мерейі үстем болды.

Сондай-ақ, тағы алты медаль казак күресінен түсті. Марат Нығматуллаев (60 келі) пен Зарина Сарипова (65 келі) чемпион атанса, Еламан Қойшыбаев (80 келі) пен Рауза Нұрмұхамметова (55 келі) күміс жүлде иеленді. Биыл «Қазақстан барысы» атағына ие болған Мақсат Исағабылов (80 келіден жоғары)

«СБ» ақпарат

12 күн, 1200 шақырым

Марафон-бәйгенің соңғы нүктесі – Түркістанға жеткен шабандоздарды Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев арнайы күтіп алды. Министр төл құндылықты түгендеп, ұлттық келбетті оятқан бірегей жоба келешекте де жалғасуы қажет екенін жеткізді.

– Ұлы даланы дүбірге бөлеген мұндай аламан бұрын-соңды болмаған. Бұл – отандық спортымыз, төл руханиятымыз үшін де теңдессіз тарихи оқиға. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Түркістанға жасаған іссапарында «Ұлы дала жорығы» бәйгесінің мән-маңызына ерекше тоқталды. Мемлекет басшысы ұлт жадын жаңғыртуда мұндай аламандардың айрықша қажет екенін баса айтты. Сондықтан бұл бәйгені кешегі батыр бабаларымыздың жорық жолын жаңғыртқан, елдің рухын оятқан жоба болды деуге толық негіз бар, – деді Дәурен Абаев.

Марафон-бәйгені Мәдениет және спорт министрлігі, «The Great Steppe Tour» қоғамдық қоры мен Ұлттық спорт қауымдастығы ұйымдастырды.

«Ұлттық спорт қауымдастығы бұл шараны әу бастан қолға алды, жан-жақты қолдау білдірді. Бұл отандық және халықаралық ат спорты саласында жаңа сайыс форматын енгізуге негіз болады деп сенеміз. Марафонды келешекте халықаралық деңгейде ұйымдастырып, Халықаралық ат спорты федерациясы (FEI) өткізетін жарыстар қатарына қосу жоспарланып отыр», – деді Ұлттық спорт қауымдастығы президентінің кеңесшісі Әлібек Әлденей.

Соңғы меже – Түркістан қаласына дейін ең қысқа уақыт ішінде жеткен Маңғыстау командасы бас жүлде – «Ұлы дала сарбазы» атағы мен 24 млн теңге көлеміндегі жүлдемен марапатталды. Мәре сызығын екінші болып қиған Жетісу облысы командасы 12 млн, үздік үштіктегі Түркістан облысы шабандоздары 9 млн теңге жүлдені қанжығаға байлады. Мәреге төртінші болып жеткен жамбылдық спортшылар 6 млн теңге көлеміндегі сыйлықпен марапатталды. Сонымен бірге, жарыстан шығып қалған, бірақ жорықты өз еркімен жалғастырған бірнеше облыс құрамасынан 13 шабандоз 1 миллион теңге қаржылай сыйлыққа ие болды.

1-бет

«СБ» ақпарат

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru



ОҚЫС ОҚИҒА

Бес адамның өмірін қиған жол апаты

Кеше, яғни 3 қазанда «Самара-Шымкент» тас жолының Қармақшы ауданы тұсындағы 1573/693 шақырымында автобус пен жеңіл көліктің соқтығысуынан жандүшігерлік жол-көлік оқиғасы болды.

Апат салдарынан 5 адам көз жұмды, 4 адам түрлі дене жарақаттарымен ауруханаға жатқызылды.

ҚР ҚК-нің 345-бабы 4-бөлігімен («Автомобильді басқаратын адамның жол жүрісі қағидаларын бұзып, абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соғу») сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуде. Тиісті сот сараптамалары тағайындалды.

Қазір оқиғаның мән-жайы анықталуда.

«СБ» ақпарат

ҰЛТТЫҚ ӨНЕР

Кейінгі жылдары ұлттық спорт дәрежесі анағұрлым жоғарылағандай. Халықаралық не республикалық додаларды айтпағанда, әр өңірде бәйге, көкпар, аударыспақ, жамбы ату секілді дәстүрмен сабақтасқан сайыстар легі жиі өтіп жүр. Соның бір көрінісі ретінде Сырдария ауданында өткен жас шабандоздар арасындағы көкпарды айтуға болады.

Сb Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

Жастар салым салды



Бұл шараны аудандық жастар ресурстық орталығы ұйымдастырып отыр. Басты мақсат – аудан жігіттерін ұлттық спорт түріне бейімдеу. Рас, бүгінде жылқы жалына жармасқан жігіт азайды. Десек те, бұл додаға ауданға қарасты елді мекендерден 100-ге жуық шабандоз қатысты. С.Сейфуллин атындағы ауылда өткен сайыста А.Тоқмағанбетов, Қалжан ахун, Айдарлы, Теренөзек кенті, Шаған, Н.Илиясов, Аманкелді, Шіркейлі және жергілікті С.Сейфуллин ауылының ұландары бар.

Тартысқа толы доданы С.Сейфуллин ауылдық округінің әкімі Бекзат Қыдырбаев ашып, қатысушыларға тілегін жеткізді. Мұнан соң ауыл ақсақалы бата беріп, шабандоздарға ақ жол тіледі. Ақсақалға аудандық жастар ресурстық орталығы мамандары арнайы шапан жапты.

– Сырдариялық жастар білекті, жүректі екендігін тағы бір дәлелдеді. Оның ішінде Н.Илиясов ауылдық округі мен Шағаннан келген шабандоздар белсенді болып, ең көп салым салды. Сайыс өте тартысты өтті. Алғашқы салымды А.Тоқмағанбетов ауылының

шабандозы Дініслам Айтбайұлы салды. Осылай кезек-кезек әр ауылдан жиналған шабандоз жігіттер өз салымдарымен көрермендер ықыласына ие болды. Мұндағы бір ерекшелік, көкпарға қатысатын жігіттің жасы 29-дан аспауы тиіс. Ал ең жас палуан ретінде 14 жастағы С.Сейфуллин ауылының тұрғыны тіркелді.

Қуанышты жаңалығымыз, ауданда ұлттық спортты дамыту тұрақты түрде қолға алынып келеді. Қазір Теренөзек кентінде атшабар алаңы дайындалуда. Осыған сәйкес, алдағы уақытта жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен ұлттық ойындар жиі ұйымдастырылады, – дейді аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Нұрман Әбдірасилов.

Ұлттық спорт түріне «Нұрасыл» шаруа қожалығы демеушілік көрсеткен. Сондай-ақ «Сейфуллин Жер» ШҚ, «Жандос» ШҚ, «Абай Токтаров» ЖК және жергілікті азаматтар қаржылай қолдау білдіріп, сайыстың жоғары деңгейде өтуіне үлес қосқан.

Сырдария ауданы

Жерге астероид жақындап келеді

Ресейдің екі обсерваториясы жаңа 2022 SE37 астероидін анықтады.

Кочеванчик ауылындағы және Кубан мемлекеттік университетінің телескопымен түсірілген астероидтың диаметрі жарты шақырымды құрайды.

Ғалымдардың айтуынша, ұзартылған орбитада Күнді 3,44 жыл аралығымен айналатын аспан денесі таяу болашақта Жерге қауіп төндірмейді.

Сүйегін еліне қайтарды

Австрия музейі XIX ғасырда ұрланған ондаған жаңа зеландиялықтардың сүйегін еліне қайтарды.

Бұл үшін Жаңа Зеландия билігі 70 жылдан астам келіссөздер жүргізген.

Осылайша, Вена музейінде 130 жылдан астам сақталған Жаңа Зеландияның 64-ке жуық байырғы халқының сүйегі отанына оралды. Оларды австриялық таксидермист және қабір тонаушы Андреас Рейшек 1877 және 1889 жылдар аралығында жинап алып кеткен.

Инфляциядан рекорд жаңартты

Түркияда жылдық инфляция 83,5 пайыз болып, 1998 жылдан бергі ең жоғары көрсеткішке жетті.

Елде қыркүйекте тұтынушылық бағалар өткен жылмен салыстырғанда 83,5 пайыз өсті. Соңғы 12 айда лира долларға шаққандағы құнының 50 пайыздан астамын жоғалтты.

Еске салайық, Түркиядағы инфляция 2021 жылдың күзінде лира күрт төмендеген кезде өсе бастады.

Ұзындығы кісі бойындай клавиатура

Google-дың жапондық бөлімшесі Gboard пернетақтасын жасады. Ерекше пішіндегі пернетақтаның жалпы ұзындығы – 165 см.

Оны сызғыш ретінде де пайдалануға болады. Дегенмен, кез келген адам қолданбаның өзіне ыңғайлы нұсқасын құрастырып алуына болады.

Қоңыр көмір электр станциялары

Германияның бұрын жабылған қоңыр көмір электр станциялары қайта іске қосылады.

Неміс билігінің бұл қадамына энергетикалық дағдарыс себеп болған. Қазан айынан бастап RWE және Leag компаниялары көмірмен жұмыс істейтін қосымша электр станцияларының желіге қосылуына рұқсат берілген.

Дайындаған
Биболат СӨТЖАН,
«Сыр бойы»